

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

предателем. В те времена дезертирство было одним из наказуемых поступков. В случае Сырбая, долг перед родиной у него стоял на первом месте, нежели перед своим другом и верным товарищем.

В четвертом письме встает вопрос о проблеме воспитания. В нем повествуется о когда-то состоятельном и солидном человеке Илье Степановиче, который потерял все из-за своего сына Валеры. Из-за связей своего отца все его проделки спускались ему с рук. Так он стал бандитом, который не уважает своих родителей, бьет и угнетает их. Родители играют большую роль в формировании личности и взглядов ребенка. Валера с детства думал, что ему все дозволено, а отец не наказывал его за плохие поступки, что в дальнейшем привело их семью к трагедии. Не даром в конце этой главы упоминается пословица: «Токур мас күлүгэ эмиэ токур буолар».

Пятое письмо раскрывает загадки бытия. В нем Кулусун встречает Эгоса, пришельца из космоса и с ним ведет философский разговор. Инопланетянин говорит о том, что все на свете имеет душу, и что жизнь на земле слишком хрупка и незащищена. Также Эгос предупреждает, что если на земле восторжествует зло, то человечество будет ждать апокалипсис. Прослеживается мысль, что человек сам должен прийти к гармонии и очищению от грехов.

В заключении стоит отметить, что роман Ивана Гоголева трагичен. Оно определяется состраданием к людям, которые стали пленниками своих ошибок. Каждый человек должен быть осторожен в своих действиях и делать их обдуманно. Ведь некоторые из них имеют печальные последствия. Именно из-за своих поступков герои глав-новелл прожили мучительную жизнь, изгнав богиню милосердия из своей души. Также время, в котором они жили сыграло большую роль в их судьбах. Его устои сильно повлияли на их жизни.

Список использованных источников

1. Мыреева А.Н. Философский роман в якутской прозе 1990-х гг 20века [Электронный ресурс] // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/filosofskiy-roman-v-yakutskoy-proze-1990-h-gg-hh-veka/viewer>
2. Иван Гоголев-Кындыл. Иэйэхсити кэлэтии. Дьокуускай: Бичик. нац. Кинигэ кыһата, 1993. - 272с.

ӘОЖ 82-3

АҚАН СЕРІ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДА БЕЙНЕЛЕНУІ

Дәуренбек Аяжан Жарасқанқызы

ayazhan_daurenbek_03@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, «Қазақ филологиясы»

мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., қауым. проф. Қайырбек Кемеңгер

Алты алашқа өнерімен танылған Ақан сері Қорамсаұлының жүректі талай тебірентіп, талай жүректі үнсіз шыратқан, тағдырын ту еткен шығармалар қатары төл әдебиетіміздің терең қойнауын толтырып келеді. Өнерпаз жайлы жазылған сол туындылар легі ақантанушылар үшін ғана емес, өнер мен өмір деген егіз ұғымды сезіне қабылдайтын әдебиетшілер үшін де асыл қазына іспеттес. Ғалым Зейнолла Қабдоловтың «Сөз өнері» еңбегінде айтылғандай, әдебиетте адам образын сомдау көркемдік айшықтаумен, бейнелі сөзбен шектелмейді [1, 135]. Тарихи тұлға жайлы жазу үшін жазушы өмірлік материалды негіз етеді, көздеген мақсатына сай әдеби тұлғасына қажетті дерек-мағлұматын дайындайды. Тарихи тұлғаның көркем бейне болып, жаңа туындының жазылуына түрткі болуы – күрделі әрі ұзақ процесс. Автор әдебиет пен тарих алдындағы мақсат-міндетін саралай отырып, арнайы дайындықтан өтеді. Ақан сері жайында қалам тербеткен жазушылар аса

ыждаһаттылықпен, зор жауапкершілікпен еңбектеніп, әдебиет төрінен орнын межелей алатын туындылар қалдыруы – сол ізденімпаздылық пен табандылықтың жемісі. Өз кезегінде ғалым Құныпия Алпысбаев Ақан сері сынды тарихи тұлғалардың көркем образының сомдала бастауын тарихпен байланыстырады. Ғалымның белгілеуінше, тариз дйттеген мақсаты – шындықты айту және жеткізуде қиын кезеңге тап болғанда, әдебиеттің кестелі тілі бұл мәселені өз мойнына алды [2]. Асылында әдебиетіміздің қатпарлы қабаты тарихпен байланысып, тарихилықты көркемдей жеткізе алуымен, дәуір ақиқатын уақытында хабарлай білуімен құнды.

Тарихи тұлға – көркем шығарманың жазылуына негіз болса, оның бейнеті мен зейнеті, сандаған машақаты өмірлік материалды қамтиды. Мәселен, Ақан сері туралы естеліктерімен бөліскен С. Мұқановтың «Менің мектептерім» деректі туындысы бір мысал бола алады. Ақан тағдырына туынды арнаған ақыннан Ілияс Жансүгіров, жазушыдан Сәкен Жүнісов көркем шығармалары дара тұр. Сері есімі аталатын небір туындылар Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасымен де толығыады. Ақан тағдыры жүрек тұсын сыздатып, шабытын оятпаған ақын-жазушы кемде-кем шығар. Аталмыш мақаламызда Ақан сері туралы ой тарқатқан қаламгерлердің прозалық туындылары талданады.

Ақан сері – әншілік өнердің асқақ биігіне әнмен өрмелеген, сөздің нақышын келтіре отырып, сандаған өлең-толғаудың үлгісін қалдырған, шығармашылығы арқылы өмірінен сыр шерткен жан. Оның тағдыры пәк сезімнен аяулы махаббатқа, жеке басының қайғысынан халықтық мәселеге ұласады. Көкейге жазылған шығармашылық қабілетін асқан шеберлікпен қолданып, өнердің белесін игерген шебер де – өзі. Тәрбиелік сарында жазған шығармаларының бірінде жігіт сипатын ажырата келіп:

«Наркескен қайрылмайтын қылыш болса,

Мінезі, ақыл-өнері дұрыс болса.

Бір сырлы, сегіз қырлы болса жігіт,

Жорғадай тілі майда жүріс болса.

Ақылды, сабырлы ер деп соны айтамыз,

Еткені берекелі жұмыс болса», – деп, нағыз ер бойынан табылуы қажет жақсы қасиет, игі амалды атайтыны бар [3, 124]. Көркем шығармалардан бізге белгілі Ақан бейнесіне сүйенсек, серінің сипаттаған адамы өзіне сайма-сай. Жігіттің төресі деген ұғым мен суырыпсалма ақын, от тілді сері деген лақап аттарға да лайық дерсіз.

Енді бұл тұлғаның көркем әдебиетте сомдалуына келетін болсақ, серінің қайталанбас бейнесін дүниеге әкелген, сері есімімен қатар аталатын бірден-бір жазушы – Сәкен Жүнісов. Өнерпаз тағдырын көркемдей жеткізіп, шығарма бойында Ақан тағдырының әр кезеңіндегі оқиғаларды халықпен байланыста суреттейді. Кезі келгенде, сері шығармашылығын сипаттай отырып, оның өнерінен бал тамған, дауысы емге дауа, жанға шипа болған құдіретін асқақтайды. Осы сипатта жазылған оның көркем туындысы – ұзақ көлемді «Ақан сері» роман-дилогиясы. Бұл еңбек арқылы автор Ақанның бойынан табылар өнер атаулының қадір-қасиетін бағдарлап, оқырман қауымға тағдырынан татымды дәйек, мәнді дерек келтіреді. Сәкен Жүнісов – Ақанды тірілте суреттей келіп, оның әдебиет, тарих, өнер, өркениет және мәдениет жолындағы алар бағасын нақтылаушы, келер ұрпаққа дәріптеуде ерен еңбек етуші.

«Ақан сері» роман-дилогиясы – Ақан сері образының көркем кескіні сипатталған әрі шоқтығы биікте тұрған туынды. Мұнда өнерді сүйген қазақ халқының ән-күйге сүйіспеншілігі, өнер атаулы дүниеге құрметі, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа көзқарасы жан-жақты байыпталады. Серіні ұстаз көріп, артынан шәкірт боп ерген дос-жарандары, қыз-жігіттердің ерекше сыяпаты оның ән-жырын халыққа таратып отыруынан-ақ көрінеді. Ел ішінде «Ақан әні» деген желеумен таралған сазды әуендерде әрқашан жан жарасына дауалы сөз, құлақ құрышына саялы сөз, ал бастысы маңызды тәрбиелік мән жататыны рас. Серінің халқына жақын болуының бірден-бір себептерінің бірі сонда деп білген жөн.

Жазушы «Ақан қай ауылда болмасын – Ақан. Еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін біледі», – дей келіп, Тастан үйіне жиналған дүйім жұрттың келу себебі көбіне «Ақан келділеуге» байланыстылығына баса назар аударады [4, 58]. «Көрінген той-томалаққа еліге бермейтін кәрі-құртандарға дейін жалғыз атына міне салып, асыға келіп жатқан себептері де сол...» [4, 58]. Байқап отырғанымыздай, Ақанның бір әнін тыңдау әр қазақ баласы үшін арманмен тепе-тең еді. Бұл кеште қолқаланған Ақан әні халықты ыстық сезімге бөлегені де айқын. Мұны жазушы: «... «Ақ тентектің» сұлу қайырмасын бипылдата жорғалатқанда, жастар жағы іштей қайталап, ән ырғағымен бірге қозғалып теңселіп, қара қамзол, ақ көйлек, сары көйлек киген қыздар ырғалғандай болды. Күн ұзақ мал жайлап, отпен кіріп, күлмен шығып, шаруамен салпақтап, қажыған қарттардың тұла бойы шымырлап, балқып, кейбірінің көзінен жас сорғалайды. Қуаныштан, тебіреністен шыққан рақат көздің жасы», – деп суреттейді [4, 58]. Ақын жүрегін үнсіз ұғысқан жұрт жым-жырт құлақ түріп, әнмен сырласып отырған мұндай отырыстар шығарма бойында сан рет беріледі. Әрбірінде Ақанның жаңа қыры ашылып, ән айтудағы мінезі, ойлары, өзін-өзі ұстауы түрліше көрінеді. Енді бірде Сағынай асы қарсаңында ояздың жұбайы Анна Ивановаға қазақ өмірін таныстыруында бір бөлек образ жатыр. Салтанатты тойға келгелі, бай-ауқатты киіз үйден соң, қарапайым халық тұратын киіз үйлерден сескенер деген оймен Ақанның оған қазақ жайынан хабар ететін деректері де орынды.

Сәкен Жүнісов тағы бірде Ақанға: «Менің достарым – әнімді ертеңгі ұрпағыма жеткізер жұртым. Менің достарым – ешкімге қиянаты жоқ ақын, әншілер», – дегізіп, Сағынай асына баруға қарсылық білдірген, тіпті теріс бата қайырған үлкендерге қарсылық білдіретін батыл мінезін танытады [4, 58]. Оның бар қалауы өнер арқылы үш жүздің басын қосу, оларды татуластыру еді. Оның мұндай қайсар мінезі серілікке тән дер едік. Сері сипаты жаратылысынан қолы мен мінезі қаншалықты ашық болса, соншалықты әділдік пен бірлікке, ынтымақтастыққа жақын келеді. Сәкен Жүнісовтің шығармасында Ақанның ән-өнері дараланып, жеке тұлғалық сипаты айшықталып отырады. Романның алғашқы елу бетінде сипатталған Бірішек оқиғасы арқылы азулы, сатиралы тілге ие екендігі де көрінетінін мойындау қажет. Керей мен Қарауыл арасындағы араздастыққа сілтей отыра, Бірішекті сөйлетуінде серінің даналығы жатса, Науан Хазіретке қарсылығы арқылы тағдыр алдында дәрменсіз қыз өміріне араласуы, ғашығы Ақтоқтыны, кейін Үрқия сұлуны да жан жүрегімен сүйе білуі, салт-дәстүр алдында тізе бүгуі, Құлагері үшін жаны қызыл қанға, азапты қайғыға толуы – осының бәрінде Ақанның адамгершілігін танытар, ұлағаттылығын байқатар істер бар. Оқып отырған кітаптың бергі жағындағы оқырман үшін Ақанның өнерінен басқа, қарапайымдылығы, данагөйлігі, сөзге адалдығы көрінеді. Бұл шығарма оны тек сері деп атаудың аздық ететінін дәлелдейтініне тағы көзіміз жететіні ақиқат.

Дегенмен де Ақан серіні махаббаттың жыршысы деп танитын образы да талдана жазылады. Оған кезекті мысал ретінде Ақтоқтының қоштасар сәттің бірінде айтқан сөзін келтіре аламыз: «...Ақан жарыққа алып шықты, көзімді ашты, қыз ертең басына жаулық салар қалыңдық қана емес, ердің қасында серігі, кісі сүйер жүрегі, тебірене білер сезімі бар адам екенін үйретті» [4, 58]. Иә, Ақан әні, Ақан деп соққан кіршіксіз жүрек тек жақсылыққа лайық қой. Ақанның махаббат жолы қайғыға толып, Мәжнүн күйін кешкенмен, ол махаббаттың символына айналған еді. Ақан – символ боп қабылданған махабатын әндерінде, ән ішіндегі сезімде мәңгіге сақтай алған дарынды композитор, талантты орындаушы. Бұл – роман ішіндегі Ақанның тағы бір бейнесі.

Әйтсе де «Ақан сері» роман-дилогиясы – Ақан жайлы жазылған прозалық туындылардың ең танымалы әрі бір биік асқар шыңы боп қала бермек.

Қазақ әдебиетінде Ақанның тұтас тағдырына арналған осы шығармамен қатар, Т. Әлімқұловтың «Көк қаршыға», Р. Мұқанованың «Үркек керім», Д. Рамазанның «Арғымақ» сынды әңгіме-хикаяттарда сері өмірінің бір кезеңі жайында баяндалады.

Мұндағы «Көк қаршыға» шығармасына тоқталар болсақ, жазушы Ақан серінің саясаттың лас пейілінен алшақтап, ел-жұртынан жырақта кешкен қарттық шағын суреттеуді мақсат етеді. Тарихи шындықты кестелі сөзбен бере отырып, жазушы саясаттың өзінен

мықтыларды кудалауға ұшыратып, өнерге көзқарасын білдірте алған. Олардың санауынша, Ақан серінің еркіндікті қалайтын, ешкімге тәуелсіз болмысы халыққа әсер етпей қоймайды. Сонда оның бар жазасы сол еркіндігінде еді. Ақан сері ата жұртынан қуылып, «перімен дос», «жынданған» деген лақап аттармен жалғыздықта қалады. Сүйенері жалғыз ұлы Ыбан мен қолындағы домбырасы, кеудені керген сұлу сазды әндер ғана. Оның шалқар шабытын табиғат оятса, табиғат аясында небір әндері туындайды. Ақан күні кешегі балалық, бозбалалық шағын, жігіттік дәуренін еске алумен, әндерінің қалай туындап, қалай жүрегін толқытқанын тағы мәрте сезінуімен болады. Күндердің күнінде көл жағасынан мерген көзі қаршығаны байқап қалады, оны қолға үйретуді мақсат етеді. Осы көк қаршыға оның жас дәурен шаққа оралтып, көңіліне медеу болатынын ол бұл сәтте сезді ме? Көп күш салып, қолға түскен құсты қолға үйреткен Ақан бойында аңшылық дағдылардың ұмтылмағанын көреміз: «Құс қалғып бара жатса, керменің бауын тартып қалады. Шамданған қаршыға ұшуға талпынса, қайтадан қондырады. Ырғақ та ырғақ! Сұлу құсқа тірідей жасаған шарасыз азап! Осындай беймаза қалыпта көк қаршыға басынан тағы да бірнеше күн кешірді. Ақырында мүлдем жуасып, уықы күйге түсті. Қаршыға ұрыншақтанудан танып, үкіге ұқсап қалды» [5, 326]. Бұл сәтте Ақанның құсбегіліктегі де шеберлігі танылады. Асылында құсбегілік деген қазақ тіл сөзінде сандық жылдар бойы сақталып келе жатқан салты ғана емес, құсбегінің машақаттана жүріп, өзіне серік табуы да. Арада біраз уақыт өткен соң, қаршығаны байқаған Тінә болыстың көрсеқызарлығы, қолқа салып, серінің көңілге медеу жалғыз серігін сұрай келуі жиілейді. Автор оның әрекеті арқылы оқиғаны шиеленістіреді, оқиға оқырманды өзіне тарта түсетіні рас. Бірде ұйқысынан ояңған Ақанның көк қаршығаны таппауы, оны жоғалтуы жас күндеріндегі басыналығанының айыбы деп қабылдауын бейнелейді. Мұның өзінде серінің сабырлығы көрінеді. Негізінен қаршыға тек серік ғана емес, шығарманың метафорасы ретінде де қызмет атқарады. Ондағы мән-мағына – ұстамдылық танытқан Ақанның болыс үйінен көк түтінге қақалып мерт болған құсын көруінде. Екі-үш қауырсынын төс қалтасына салып қойып, болысқа зілді, айыптаушы дауыспен: «Менің кепемде қылауға шалдықпаған қаршыға сенің ақ ордаңда түтінге қақалып өлгені жанға батады. Төренің де азғаны ғой!», – деуінде асқан ой жатыр [5, 336]. Бұл жазушының шеберлігі мен шындықты қаймықтастан бере алуы ғана емес, серінің жанданып, қайта өшкен жарығы да болмақ.

Белгілі жазушы А. Сүлейменовтің «Адасқақ» әңгімесінде де Біржан секілді өнерпазбен қатар сері Ақан образы жасалса, тағы бір көрнекті шығарма жазып қалдырған Ә. Тәжібаевтың «Жаданов әңгімелері туындысында серінің тың образы беріледі. Бұл қатарды Көкшетау ақын-жазушылары өз еңбектерімен толықтырып келеді. Мәселен, Ақанды «сабасы саркылмайтын сұлу сазгер» деп бағалаған Төлеген Қажыбай, өлең мен естеліктерінде атап өткен Кәкімбек Салықов сынды тұлғаларды атамасқа болмас. Осы күндері Ақан серінің 180 жылдығына орай Көкшетаудың зиялы қауымы ғылыми-теориялық конференция, «жігітке жеті өнер де аз» демекші, айтыс, сөз сайысын алма-кезек өткізді. Көптеген кездесу, концерт, ғылыми жиындар сері Ақанның шығармашылығына арналды. Мәселен, «Әдебиет және өнер» музейінің ұйымдастыруымен өткізілген «Ақан сері Қорамсаұлының әдеби және музыкалық мұрасы» конференциясының өзінде серінің шығармашылығы дәріптеліп, ұрпақ пен келешек үшін маңыздылығы сараптала түсті. Шыны керек, мұндай жиындар тек Ақан сері үшін ғана емес, ата-бабамыздың есті кемеңгерлерін құрметке бөлеп, шығармашылық дәуренін жаңғырту үшін аса маңызды рөл атқарады.

Ақан сері Қорамсаұлы – қаншама ғажайып туынды жазып қалдырған, сонымен бірге өзі туралы кейінгі буын қаламгерлерге қаншама көркем туындыны жаздыртқан тұлға. Оның көркем бейнесі арқылы біздің жадымызда небір Ақан сері сақталмақ. Өнімен халқын баураған, жұртына жанашыр болған әнші Ақан, әділетсіздікті әшкерелеп, шындықты ту еткен өлеңдері бар орақ ауызды ақын Ақан, баласына қамқор әке Ақан, сұлуларға қыз бағасын жете түсіндіріп, аяулы махаббатты сездірген ғашық Ақан, тағдыр алдында дәрменсіз, бірақ адал жүректі, ақ пейілді сері Ақан... Өнерпаздың өзін таныстыра жазған «Ішінде орта жүздің жүрмін шалқып» өлеңінде айтылғандай, өзінің бойында ақындық та, салдық та, өнердің басқа да түрі қиылысқан

[3]. Басқа сөзбен айтқанда, Ақан сері – өмір мен өнер торабындағы қиындыққа төтеп бере жүріп, тұла бойына асыл мен іңкәрлықты жинай алған.

Ақан сері – қазақ әншілік өнерінің биігіне шыққан, ғажайып сазгерлігімен, саятшылығымен, атбегілігімен, дархан мінезімен, кербез де керім тұлғасымен ұлттық өнер деген сөздің синониміне айналған синкретті тұлға. Сол тұлға қазақ көркем прозасының асқақ туындыларының жазылуына себеп болды және алдағы уақытта да негіз бола береді деп сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов З. Сөз өнері: оқулық-монография. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2014. – 496 б.
2. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2019. – 334 б.
3. Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалары. Алматы: «Қазақстан» баспа үйі, 2013. – 384 б.
4. Жүнісов С. Ақан сері: роман. Бірінші кітап. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2011. – 480 б.
5. Әлімқұлов Т. Шығармалары. III том. – Алматы, 2013. – 380 б.

ӘОЖ 17.2

БЕЙНЕ-ПЕРСОНАЖДЫҢ МӘТІН КЕҢІСТІГІНДЕ ТАСЫМАЛДАНУЫ

Досан Гауқар

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. профессор Қ.М.Байтанасова

Әдеби бейне - әдебиеттанудағы ең басты терминдердің бірі. Қазіргі көркем туындының тақырып аясы кеңіп, бейнелер жүйесі толысты. Әдеби туынды кеңістігіне әр қилы, алуан келбетті кейіпкерлер келді. Бейне жасаудың жаңаша сипаттары қалыптасты. Бүгінгі күн тақырыбын көтерген қаламгерлер кейіпкерінің ішкі әлемінің қайшылығына, моральдық, эстетикалық сипаттарына терең үңіле отырып, сан алуан қасиетке ие бейнелерді әкелді. Тәуелсіздік кезеңінен кейінгі көркем туындылардың құрылымында жаңа сюжеттік-композициялық ұстаным орнықты. Оның басымдығы автор-кейіпкер арақатынасынан байқалды. Қаламгер өзі сомдаған кейіпкерінің ірі сюжеттік емес, эпизодтық әрекеттері арқылы да өзінің мұратын айқындап отырады. Бұл әсіресе, жекелеген тұлғаларға арналған туындыларда көбірек аңғарылады. Тіпті автордың қатысуынсыз тек кейіпкерлер ғана топтасқан кеңістік те көрініс береді. Бұл тұрғыда әдеби бейненің деңгейлік ерекшелігі айқындалады. Кейіпкер тұлғасы әдебиеттанудың қай бағытында да классицизмнен бастап зерттеу нысанына алынып келген.

Кейіпкер ұғымы - (бет, кейіп, маска) көркем бейненің түрі. Ол әдеби туындыда кездеседі. Әдебиеттануда кейіпкер әрекеттің, көңіл-күйдің, пікір мен көзқарастың субъектісі ретінде қарастырылады. Осы мағынасында ол әрекет иесі, әдеби қаһарман, персонаж деген ұғымдардың да мәнін ашады. Яғни персонаж, әдеби кейіпкер, әрекет иесі – бір-біріне синонимдес категориялар. Персонаж ұғымы әдебиетте мейілінше бейтарап мағынада қолданылады. Ежелгі өнерде persona «маска» дегенді білдіріп, өзге қосымша мағыналық мән иеленбеген. Ол кезде герой деген сөз бойында ерлік, қаһармандық сипат байқала қоймайтын қатардағы кейіпкерлерге қолданыла бермеген. Сөйтсе де бұл ұғым шығармадағы оқиғаның қозғаушысы дегенді білдірген. Әдеби персонаж – адам. Персонаждың қаншалықты тәптіштей суреттелуі оның кейіпкерлер жүйесіндегі алатын орнына, әдеби тек пен жанрға байланысты. Әрі көп жағдайда кейіпкерді суреттеу ерекшелігі шығарманың мәніне, қаламгердің шығармашылық әдісіне қатысты. Көркем мәтінге адам бейнесінен басқа аңдар мен жануарлар, өсімдік, заттар, табиғат құбылыстары, фантастикалық бейнелер және тағы басқалар қатысып, көбінде бұл аядағы кейіпкерлер ұлт әдебиетіндегі мәңгілік бейнелер болып қалады. Осы ретте